

## Мұқағали Мақатаев - ғасыр ақыны

Ермекова Д.К.

Ғылыми жетекшісі: г.ғ.м., аға оқытушы Муратова М.Б  
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Ғажайып ақындардың бірі – Мұқағали Мақатаев кішкентай бала кезінен бастап қаншама қиыншылық көрсе де, мойымай өлең –жырға әуес болған. Алғашқы өлеңдерін он-он бір жасынан бастап жаза бастаған Мұқағали атамыз көптеген тақырыптарға қалам сермеген ақиық ақындардың біріне айналды. Ақынның ғұмырлы поэзиясы бүгінгі таңда барша жұрттың жүрегінен берік орын алып, қуанышы мен қайғысын бөлісетін айнымас жан серігіне айналды. Мұқағали атамыздың өлеңдері шын шабыттың, қиын күйзеліс пен шын қуаныштан, шын сағыныштан туған. Ақын ұлы сезімге бас иіп, өз өлеңдерінде махаббат тақырыбын кеңінен суреттеген. Мұқағали атаның әр өлеңі өзінің мағынасымен, шынайылығымен, тазалығымен оқырманын өзіне баурап алады және ой салады.

Поэзия әлемінде өз ойын көркемдікпен, асқан шеберлікпен бере білу екінің бірінің қолынан келе бермейді. Бұл тек шабыты өте жоғары, өлең шығару дарыны бар үлкен талант иесінің қолынан ғана келеді. Сондай таланттардың бірі, поэзия әлемінің асқар шыңы – Мұқағали Мақатаев.

Мұқағали Мақатаев - өмірінің соңына дейін қолынан жүйрік қаламы түспеген, қазақтың кара өлеңінің құдіретіне, терең сырына қаныққан ақын. Сөз құдіретінің мән - мағынасын терең түсініп, сөз маржанын бейнелі өрнекпен кестелейтін Мұқағалидай ақын кемде-кем.

«Қарасаздан ұшқан қарлығаш» деген өлеңінде:

«Мен өзім жайында мынаны айтам:

мен ХХІ – ғасыр ұрпақтарының құрдасымын.

Бәлкім, одан әрідегі ұрпақтардың туысымын да ...» - деп жазған екен.

Поэзия өкілі, ғажайып ақындардың бірі Мұқағали Мақатаев қазіргі Алматы облысы, Райымбек ауданындағы Қарасаз аулында 1931 жылы 9 ақпанда дүниеге келді. Балалық шағы соғыспен тұспа-тұс келген Мұқағали өлеңді он бір жасынан жаза бастайды. Алғашқы өлеңдері аудандық газетте жарық көрген Мұқағали шығармалары 1960-1970 жылдары үздіксіз басылады, бұл жылдарды ақынның қазақ поэзиясының биік шыңына көтерілген уақыты деп санауға болады. Ауыл орта мектебін 1948 жылы бітіріп, өз ауылында комсомол, кеңес қызметтерінде болған. Кейін аудандық газетте әдеби қызметкер, Қазақ радиосында диктор болған, «Қазақ әдебиеті» газетінде, «Жұлдыз» журналында поэзия бөлімін басқарған. Қазақстан Жазушылар одағында поэзия секциясында әдеби кеңесші қызметін атқарған.

Нарынқол аудандық «Советтік шекара» (қазіргі «Хан тәңірісі») газетінде 1948 жылдары жариялана бастаған. 1954 жылы бір топ өлеңі «Әдебиет және искусство» (қазіргі «Жұлдыз») журналында, одан кейін бір шоғыр жыры Әбділдә Тәжібаевтың сәт сапар тілеген сөзімен «Қазақ әдебиетінде» жарияланған.

Аз ғұмыры ішінде бірнеше лирикалық жыр жинағы мен дастандарын ұсынған. Жыр аудармасы саласында Шекспирдің сонеттерін, Дантенің «Құдіретті комедиясын» қазақшалады. Ақынның «Саржайлау», «Сөнбейді, әже, шырағын», «Кел, еркем, Алатауыңа» өлеңдеріне сазгер Нұрғиса Тілендиев ән шығарған.

Ақын тұрмыс тауқыметін тарта жүріп, сынға ұшырағанда да «Ақынның ақындығы атақта емес, арда ғана» деген байламды берік ұстап, шен-шекпенге де, лауазым-атаққа да қызықпаған.

Мұқағали кеңестік дәуірдің перзенті, сондықтан да ол өз өмірінің белгілі бір кезеңіне дейін сол кеңестік идеологияны мадақтап, оның артықшылықтарын дәріптеді және ол үшін ақынды жазғырудың орны жоқ. Бұл жайлы ақынның өзінің пікірі өте орнықты болған. «Ақын да - қоғам қайраткері. Бегілі қоғамда өмір сүріп, оның белсенді мүшелерінің бірі болып отырғасын, ақын сол өзі өмір сүріп отырған ортаға алдымен қызмет етуге міндетті. Сол қоғамның биік парасаты мен сол қоғамға рух беруші, қозғаушы күші болып отырған жарқын идеяны жан сала қорғауға міндетті. Ол - біздің советтік дәуір. Ол идея - марксизм-

ленинизм идеясы, коммунистік идея. Демек, біздің талантымыздың тұғыры, жырымыздың арқауы - коммунистік интернационализм, советтік болмыс пен тұрмыс. Қандай да тақырыпты жырламайық, оның тоғысар арнасы - социалистік реализм» [1, 216 б.].

Мұқағали интернационалистік рухта тәрбиеленгенімен оның ұлттық құндылықтарға деген көзқарасы дербес қалпында қалды. Ол интернационалистік ортада жүріп туған тілінің, ұлттық рухтың сақталуының жақтаушысы болды, жастарды өз тілін құрметтеуге шақырды. Тілді ұлттың бақыты деп жыр арнады:

«Ал екінші бақытым - Тілім менің,  
Тас жүректі тіліммен тілімдедім.  
Кей-кейде дүниеден түңілсем де  
Қасиетті тілімнен түңілмедім».

Кеңестік саясаттың басты құралдарының бірі атеизм идеясы болғаны баршаға мәлім, кеңестік заманның ұрпақтары осы атеистік ұранға елгіп өз дінінен безінді, Алланың бар екендігіне күмән келтірді. Жасынан кеңестік рухта тәрбие алғанымен Мұқағали дін, тіл, діл секілді адамның үш тұғырлы құндылықтарынан әсте бас тартқан емес. Ақын өзі мүше болған коммунистік партияның билетінен оған салғырт қарағаны үшін айырылып қалса да өзінің ата дінінен ешқашан да бас тартқан емес. «Жаны жаралы болып, дүйім жұрттың ішінде жалғызсырап, сергелдеңде жүргенде тұла бойына, табиғи болмысымен енген мұсылмандық нұрын шашпай-төкпей сақтап, ешкімге ұқсамайтын дін туралы өзінің формуласын ұсынды, ол дінді ғылымның анасы деген даналықтың үлгісі еді» [2, 90 б.].

Қаламгер Ж.Кәттебектің Мұқағалимен Мәскеуде өткізген күндері жөніндегі естелігінде ақынның өзі жайлы айтқандарын келтіріледі. «Егер өлең жазбасам мен ешқашан да қазақты танымас едім. Мен кейде өз бойымнан бақсының жыны секілді адуынды дүлей күшті көрем. Бұл қазақтың рух күші. Егер сендер мені қазаққа таныта алсаңдар, бас аяғы он жылдың ішінде мен сендерге жаңа Кенесары шығарып берем. Жоқ, бұл әзіл емес. Мен бұны тұла бойымды кернеп тұрған әлгі дүлей күштің қуатынан сезініп жүрем. Ұдайы сезем де жүрем, бірақ ешкімге айта алмаймын. Қазақтың ашуымен ойнамау керек. «Жуастан жуан шығады». Біреулер бізді орысқа бейімсіңдер деп жүр. Сен одан қорықпа. Егер қазақ орыс болса, өзін орыс қылғандарды көрінде өкіртетін қылады. Сен не, әруақтармен ойнап жүрмісің? Мен қазақ поэзиясында қазіргі дәуірдегі нағыз қазақтың жанын бірінші ашқан ақынмын. Сол үшін мені ұнатпайтындар көп. Жек көреді. Қызғанады. Күндейді. Өйткені өздері бүйте алмайды. Бүйтуге қорқады. Олар менің поэзиядағы мәжнүн болып жүргенімді де ұнатпайды. Мәжнүндіктен есуастық туады дейді. Ұлы өлеңді есуастар жазады десең таңданады. Ел аман, жұрт тынышта рухқа еркіндік сұрап ереуілге кімдер шығатынын білесің бе? Жанынан безгендер шығады. Мен жанынан безген ақынмын» [3, 9 б.].

Мұқағали Мақатаев туралы ақын-жазушылардың лебіздері мен ойлары:

Әбділдә ТӘЖІБАЕВ:

«Мұқағали Мақатаев — біздің замандағы ғажайып ақындардың бірі.

Мақатаев атты алып ақындық жарқын жүзіне, миллион адам миллион түрлі пікір пайымдаса да, ешбір кіреуке, көлеңке түспей келешекке қарай керуен түзеп, көше бермек».

Мұкаматжан ҚАРАТАЕВ:

«...Арамыздан тым ерте кеткен тамаша ақынымыз Мұқағали Мақатаевтың алғашқы қадамында-ақ оның аяқ алысынан айрықша талант иесі екенін аңғаруға болатын еді.

Аңғармаппыз...»

К.В.СКВОРЦОВ:

«Қазіргі қазақ әдебиеті туралы сөз қозғасам, аузыма ең алдымен, аса ірі ақын Мұқағали Мақатаев түседі. Оның творчествосымен көптен таныспын. Аудармалары диттеген жерден шықпай жатса да, оның ақындық қуат деңгейі мен парасат өрісі кім-кімді болсын таңғалтпай қоймайды».

Михаил КУРГАНЦЕВ:

«Мұқағали Мақатаев поэзиясы арқылы қазақ әдебиетінде өте жарқын, күшті де көрнекті жаңа бір дара тұлғалы ақын пайда болған екен-ау деп те айта аламын. Оның творчествосы біздің бойымызға қуаныш, мақтаныш, рухани күш-қуат құяды».

Әбіш КЕКІЛБАЕВ:

«М.Мақатаев — адамдар арасындағы, өмірдегі, табиғаттағы жарастық пен келісімнің жыршысы. Оның... өлеңдері шын тебіреністен, шын шабыттан, шын күйзеліс пен шын қуаныштан, шын сағыныштан туған».

Тұманбай МОЛДАҒАЛИЕВ:

«Қазақ жырының аспанындағы аз ғана жұлдыздардың арасынан сенің жұлдызыңды біз оңай танушы едік. Сенің жұлдызың - ең шұғылалы, ең мейірімді жұлдыз».

Қадыр МЫРЗАЛИЕВ:

«Әдебиетті салынып жатқан ғаламат бір ғимарат, көк тіреген күмбез, сұлулық сарайы деп есептесек, сен соның талантты тас қалаушыларының бірі едің».

Зейнолла СЕРІКҚАЛИЕВ:

«Мұқағали мұрасы, сұлулық үлгісі біздің бүгінгі игілігіміз ғана емес, Мұқағали мұрасы, маржан поэзиясы - болашақ ұрпақтардың да еншісі, қастерлеп-қадірлейтін қазынасы» [4].

Қорытындылай келе, «Ғасыр ақыңы» атанған Мұқағалидің барлық еңбегі тұтастай алғанда, өткен ғасырдың екінші жартысындағы қазақ елінің рухани дүниесін, тұрмыс-күйін, арман-мүддесін, тарихи тұрғыдағы ұлттық портретін шыншылдықпен хаттаған асыл мұралар қатарына жатады. Өлеңмен де, өмірмен де бүкпесіз қауышып, қалтарыссыз сүйген ақын жүрегі соңғы деміне дейін кіршіксіз сезім өртіне өтті. «Жүрегінің түбіне кір жасырмай» айтып кетті, армансыз ақтарылып кетті. Мұқағали Мақатаев - қазақтың қарапайым тілінің нәрі мен мәнін Абай, Қасымдардан кейін түсініп жазып, түсіндіріп өткен ақын. «Сөз өнерін дертпен тең» көрген парасатты қаламгер. Ақынның әр өлеңінде, әр шумағында бүкпесіз, ақжарқын көңілмен сазды сыр төгіп отырғандай.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. М.Мақатаев Қазақ жырының бір жылы. Жұлдыз 1972 №7
2. Ғ.Есім.Мұқағали жырының философиялық сыры// Білгің келсе алдымен зертте мені. «Сарыжайлау» қоғамдық қоры, 2010
3. Г.Бектасова. Мұқағали Мақатаевтың бұлтты аспаны. Түркістан, 3 ақпан, 2011 жыл.
4. Интернет желісі: bilim-all.k

#### **Ақжан әл-Машанидің өмірі мен ғылыми қызметі**

Жоламан Олжас Дәулетұлы

Ғылыми жетекшісі: тарих магистрі, аға оқытушы Смағұлов Н.Б.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Халқымыздың «Жақсы адам-қазына» деген нақыл сөзі бар. Сондай адамдардың бірі емес, бірегейі Ақжан Жақсыбекұлы Әл-Машани өміріне көз жіберсек, ол кісінің тарихта тайға таңба басқандай, артынан өшпес із қалдырғанын байқаймыз. Асыл мұралары, дара жолы бір бөлек. Ақжан Жақсыбекұлы әл-Машани 1906 жылдың 2-ші қарашасында, қазіргі Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы Нұркен ауылында дүниеге келген, ал 1997 жыдың 5-мамырында Алматы қаласында хайтыс болды. Ақжан Машанов өзінің жазған өмірбаянында туып-өскен ортасы жөнінде былай деп баяндайды: «Қарқаралы менің туған жерім. Ол Қарағанды облысындағы ертедегі мәдени және қоғамдық-саяси орталық болған жер. Сол ауданның қазіргі Нұркен атындағы совхоз жерінде ертедегі аты бойынша Жамантайдың Қарақуысы атты мекенде 1906 жылы күзде дүниеге келсем керек. Әкем Жақсыбек Машанұлы мұсылманша сауатты, жайдары, домбырашы орта шаруа адам еді. Ол кісі Машанның ең кенже ұлы [1, 3 б.].